

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 12 қазандағы N 4114. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстанның Даму стратегиясының негізгі қағидаларын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (бұдан былай - Министрлік) құрылсын.

2. Министрлікке мынадай негізгі міндеттерді атқару жүктелсін:

1) Қазақстан Республикасының фискальдық және кеден саясатын қалыптастыруға қатысу және осы саясатты іске асыру;

2) кеден ісін ұйымдастыру және жетілдіру;

3) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделерін қамтамасыз ету;

4) бюджетке салықтардың, төлемдердің түсуін және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

5) алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау;

6) мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан экономикалық қылмыстар мен құқық бұзушылыққа қарсы күрес;

7) экономикалық қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

3. Министрлік Қазақстан Республикасының аймақтық салық және кеден органдарының қызметіне басшылық етеді деп белгіленсін.

4. Мыналар:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің, Кеден комитетінің және Салық полициясы комитетінің функциялары және мүлкі мен істеріне басшылық жасау жөніндегі өкілеттіктері жаңадан құрылған министрлікке берілу жолымен қайта құрылсын.

"Кәсіпорындарды қайта құру және тарту жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағынан жаңадан құрылған Министрліктің қарамағына берілсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі

комитеттің функциясы және мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттігі жаңадан құрылған Министрлікке берілу жолымен қайта құрылсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің тиісті ведомстволары мен құрылымдық бөлімшелерін қайта құруды және штат санын, осы штат санын жаңадан құрылған Министрлікке бере отырып, қысқартуды қамтамасыз етсін;

жаңадан құрылған Министрлікке жүктелген міндеттер мен Министрлікке берілетін штат саны көлемінде оған қажетті материалдық-техникалық жабдықтар мен басқа да мүлікті беретін болсын;

Министрлік қызметін қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта құрылып отырған ведомстволары мен құрылымдық бөлімшелерін қамтуға арнап 1998 жылғы республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен қамтамасыз е т с і н ;

осы Жарлыққа сәйкес жаңадан құрылған және қайта құрылған министрліктер туралы ережелерді бекітсін;

қолданылып жүрген заңдарды осы Жарлыққа сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын;

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті